

Бекітемін  
№ 37 «Арман» балабақшасының  
менгерушісі



А.Е.Софиева  
2024 ж

**ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
ҚОЛДАП ОТЫРУ ЕРЕЖЕСІ (ШК)**

## Балабақшадағы педагогикалық-психологиялық қолдаудың жалпы ережесі

- ПШҚ мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және жалпы білім беретін мектептердің басты қызметінің функционалдық бөлігі болып табылады.
- Қолдау балалардың дамуындағы түрлі ауытқуларды дер кезінде анықтау.
- Балабақшадағы ПШҚ өзінің жұмысында БҰҰ-ның «Баланың құқықтары туралы конвенциясын», Қазақстан Республикасы «Білім туралы Заңын», ҚР білім және ғылым министрлігінің нормативтік, құқықтық құжаттарын басшылыққа алады.
- Балабақшаның қолдау жұмысын білім беру мекемесінің әкімшілігі бақылайды.
- Қолдауға қатысушылардың этикалық ұстаным талап етіледі.

### ПШҚ мақсаты:

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту процесіне енгізілген балаларды қолдау стратегиясын анықтап және түзету-дамытушылық жұмыстарын жүргізудің жеке жоспарларын әзірлеу;
- балалардың танымдық іс-әрекетін (тіл кемістігі, ойлау қабілеті, зейіні, қабылдауы) және психикалық деңгейі мен даму ерекшеліктерін анықтау.

### ПШҚ міндеттері:

- арнайы (психологтың, логопедтің, дефектолог мұғалімнің) көмекті қажет ететін балаларды анықтау, сонымен қатар балалардың мінез-құлқындағы ауытқуларының сипатын және себебін анықтау;
- психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламаларының мазмұнын анықтау;
- оқу және тәрбие бағдарламаларын бейімдеу (қажет болған жағдайда);
- мамандардың арнайы көмек көрсетуінің тиімділігін бағалау және қарым-қатынас жасауларын үйлестіру.

**ПШҚ құрамына:** мектепке дейінгі білім беру ұйымының әкімшілігі, тәрбиешілер, арнайы педагогтар (психолог, логопед, дефектолог мұғалім), медицина қызметкерлері кіреді.

### ПШҚ іс-әрекеттің бағыттары:

1. даму ерекшеліктері бар білім алушылар үшін жеке түзете-білім беру бағдарламаларын әзірлеу, білім беру бағытын таңдау;
2. қолдаудың жеке бағдарламаларын жүзеге асыру, түзете-дамытушылық іс-шараларын жүзеге асыру, кеңес жұмысының бағыттарын анықтау;
3. психологиялық-педагогикалық қолдаудың нәтижелілігін қадағалау.

Аталған бағыттар бойынша әр педагог (тәрбиешісі, логопед мұғалім, педагог-психолог, дефектолог мұғалім) өзінің мамандану саласын ескере отырып жұмыс істейді.

### **Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру жұмысын ұйымдастыру үш кезеңде жүргізіледі.**

**1- кезең.** Дайындық кезеңінде қолдауға дайындықты әр маман жеке жүргізеді. Балаға кешенді зерттеу жүргізу үшін жұмысты бастардың алдында ата-ананың келісімін алу қажет. Бұдан әрі мамандар диагностикалық деректерді жинақтауды, қорытындылауды жүзеге асырады, алдын ала шешімдер мен ұсыныстарды тұжырымдайды.

**2- кезең.** Қолдау жұмысының бұл кезеңінде жүргізілген зерттеулердің қорытындысы бойынша алқалы отырыс өткізіледі. Зерттеулер қорытындысын алқалы талқылау бала дамуының сипаты мен ерекшеліктері туралы бірыңғай көзқарас қалыптастыруға, оның бұдан әрі дамуын жалпы болжауды және қажетті түзету-дамытушылық іс-шаралар кешенін анықтауға мүмкіндік береді.

**3 – кезең.** Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру шешімдерін жүзеге асыру; жеке бағдарлама құру; психологиялық түзету бойынша ұсыныстар; мамандар іс-әрекетін үйлестіру; қолданыстағы бағдарламаларды түзету; мәселе бойынша педагогтар мен ата-аналарға кеңес беру.

### **Психологиялық-педагогикалық қолдап отырудың түрлері**

**Алғашқы қолдау** – балаларды ұйымға қабылдау және дамуындағы проблемаларды анықтау барысында жүргізілуі мүмкін. Аталған жағдайда консилиум барлық мамандардың (психолог, логопед, дефектолог) алғашқы зерттеулері аяқталысымен өткізілуі мүмкін.

**Жедел қолдау** - қажет болған жағдайда педагогтың немесе кез келген басқа маманның өтініші бойынша өткізу.

**Қорытынды қолдау** - баланың басқа топқа ауысуы немесе түзету жұмысының аяқталуына байланысты өткізіледі. Қорытынды консилиум материалдары баланың психологиялық-педагогикалық мінездемесін құрастырудың негізі ретінде қолданылады.

Тұрақты қатысушылар әр отырысқа қатысады, отырысты дайындауға және ұсыныстардың орындалуын бақылауға араласады. Меңгеруші, әдіскер, педагог-психолог, логопед мұғалім, дефектолог, тәрбиеші, медициналық қызметкер міндетті қатысушылары болып табылады.

Қолдау жұмысын ПШҚ төрағасы басқарады, оның қызметін әдіскер орындай алады.

Психологиялық-педагогикалық қолдау төрағасы:

- психологиялық-педагогикалық қолдап отыру жұмысын ұйымдастырады;

- отырыстардың жүйелілігін қамтамасыз етеді;
- қолдау оқу-тәрбие процесінің басқа тармақтарымен байланысын үйлестіреді;
- қолдау ұсыныстарының орындалуын бақылауды ұйымдастырады;
- балаларды қосымша тексеруге (қажет болған жағдайда) уақытылы жіберілуіне бақылауды жүзеге асырады;
- баланың ата-анасына (қажет болған жағдайда) нақты ақпарат беруді қамтамасыз етеді.